

АНВАР ИСМАИЛОВ АТЫНДАҒЫ КӘСІПТІК КОЛЛЕДЖІ

Бекітемін
Басшының оқу ісі жөніндегі
орынбасары _____
Розакулова Н.А.
2022 ж. " 19 " 08



Кәсіптік іс - тәжірибе жұмыс оқу бағдарламасы

Мамандық: 02120200 Киім дизайн

Біліктілігі: 4S2120203-Киім дизайнері

Практика атауы: КМ 01.07. Кәсіптік практика

Тобы: Д-212/Б

Курс: 3-курс

Семестр: 3

Сағат саны: 108

Өтетін мерзімі:

Оқытушы: А.Е. Садыкова

Үлгілік оқу бағдарламалар жинағы ҚР БҒМ Техникалық және кәсіптік білім беру мәселелері бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінде қаралды және мақұлданды.

«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің отырысында қаралған

Хаттама №1 «26» 08 2022 жыл.

Пән бірлестігі төрайымы:

Садыкова А.Е.

Түсіндірме жазба

КМ 01.07. Кәсіптік практика

Бұл модуль, композицияда көркем заңдарының негізгі түрлерін игеру үшін қажетті білімдерді, икемдер мен дағдыларды сипаттайды

Осы жұмыс оқу бағдарламасы «Композиция негіздері» пәні мазмұнының міндетті минимумдарына және дайындау деңгейіне қойылатын талаптарды іске асыра отырып, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының жұмыс оқу бағдарламасын құруға негіз болады.

Модульді зерделеу нәтижесінде, білім алушылар: композиция теориясын; көркемдік образды; композицияның элементтері мен құралдарын, тәсілдерін, қағидаттары мен заңдылықтарын, оларды қолдану әдістерін; композицияның түрлерін; композиция заңдарын тәжірибеде қолдануды; көлемді көрсеткен кезде түс-реңдік арақатынасты; композициядағы жоспарлылықты, тұтастықты; натураның тиісті ерекшеліктерін көрсетуді; жарық пен түс арқылы көлемді көрсетуді; композициялық ойлауды дамытуды, пропорциялық арақатынасты.

Қалыптастырылатын құзіреттілік

КМ 01.07 композицияның элементтері мен құралдарын, тәсілдерін, қағидаттары мен заңдылықтарын, оларды қолдану әдістерін; композицияның түрлерін; композиция заңдарын тәжірибеде қолдануды; көлемді көрсеткен кезде түс-реңдік арақатынасты; композициядағы жоспарлылықты, тұтастықты; натураның тиісті ерекшеліктерін көрсетуді; жарық пен түс арқылы көлемді көрсетуді; композициялық ойлауды дамытуды, пропорциялық арақатынасты, жоспарлылықты көрсетуді; сызықтық ауа перпестивасының заңдылықтарын меңгеруі тиіс.

Постреквизиттер: кәсіптік практика, композиция негіздер, композиция, киім дизайнындағы композиция

Пререквизиттер: Өнер мен көркемдік іс-әрекеттің адам өмірінде және мәдениетті дамытудағы рөлі, өнердің бастауы мен мәні, өнер және дүниетаным, халықтық дәстүрлі өнер, бейнелеу символикасы мен дәстүрлі бейнелердің мәдениетті дамытудағы рөлі, тарихи дәуірлер және көркемдік стилдер, мәдениетті көзбен бейнелеу тұтастығы

Оқытуға қажетті құралдар, жабдықтар: оқу әдістемелік кешен, оқу әдістемелік кешен, А4 форматтар, см таспа, қағаз түрлері сызғыш түрлері, видеofilmдер, кескіш құралдары, қайшы кеңсе пышағы, желім ПВА, ине, өшіргіш

Оқытушының байланыс ақпараты:

Ф.И.О. Садыкова Арайлым Ербосыновна

тел:8 747 925 26 38

e-mail:
a.sadykova@pkai.kz

Тақырыптық жоспары.

№	Тақырыптардың атауы.	Тәжірибелік
1.	Сюжеттік-композициялық орталықағы эскиздер	2
2.	Қарандаш, тушь, маркермен жұмыс істеу техникасы, пішінді зерттеу, әртүрлі қиын конструкциялы заттармен натюрморт.	2
3.	Қиын күрделі пішінді және фактуралы заттардан тұратын натюрморт (тақырыптық қойылым).	2
4.	Қиын күрделі пішінді және фактуралы заттардан тұратын натюрморт. Академиялық сурет.	2
5.	Түсті көлеңке көлемді беру шартында және жарық тақырыбында түсіну.	2
6.	Қиын күрделі пішінді және фактуралы заттардан тұратын натюрморт. Сызық-дақ сызық иелік етеді..	2
7.	Сызық –дақ арқылы біртұтастыққа келтіруді үйрену.	2
8.	Көркемдік әсемдеу жұмыстарын орындаған кезде шығармашылық ойды дамытады.	2
9.	Қарапайым натюрморт еркін ауада далада салу. Оқу натюрморт суретін салу	2
10.	Карандашпен формаларын салу.	2
11.	Гуаштың қолданылу мүмкіндіктері.	2
12.	Заттардың көлемін шығару.	2
13.	Ағаштардың бұтақтары мен сабақтарының этюдi.	2
14.	Заттардың көлемін шығару.	2
15.	Әртүрлі жағдайдағы қарапайым заттар суретін салу.	2
16.	Геометриялық денелер суреті	2
17.	Қарапайым натюрморт еркін ауада далада салу. Оқу натюрморт суретін салу	2
18.	Карандашпен формаларын салу.	2
19.	Көркемдік-әсемдеу жұмыстарында композицияның	2

	негізгі құралдарын қолданады.	
20.	Түр- түске байланысты көру арқылы елестету	2
21.	Түр - түске байланысты көру елестері	2
22.	Қабылдау елестері	2
23.	Түр - түстердің бір - біріне ауысуы	2
24.	Хроматикалық бояу қанықтығы	2
25.	Ахроматикалық бояу қанықтылығы	2
26.	Ашық түсті бояу қанықтығы	2
27.	Жиектік бояу қанықтығы	2
28.	Ішкі бояу қанықтығы	2
29.	Жүелі бояу қанықтығы	2
30.	Жазықтық пішін (текстура, фактура, бедер) пластикасын анықтау амалдары мен декорациялық –көркем ерекшеліктері	2
31.	Көлемді пішіннің иілімділік сипаты, белгілері мен түрлері	2
32.	Көлемді пішіндердің ерекшеліктері (геометриялық түрі, мөлшері, салмағы, кеністіктегі орналасуы.)	2
33.	Құрылымдық құрылымы, көлемді пішінді анықтау құралдары. Бөлшектеу түрлері	2
34.	Композиция элементтері. Графиканың композициялық ерекшеліктері мен көркем мүмкіндіктері	2
35.	Жазықтықта мағыналық ақпараттарды графикалық құралдары : нүкте, сызық, дақ, өң, түс, бояу.	2
36.	Сызықтық – пластикалық пішіндер. Композиция түрлері	2
37.	Сызықтық – пластикалық пішіндердің белгілері мен композициялық сипаты	2
38.	Көркемдік-әсемдеу жұмыстарында композицияның заңдылықтарын қолданады.	2
39.	Композицияның әдіс-тәсілдерін тереңірек меңгеру	2
40.	Шығармашылық үдеріс және кезеңдерді	2
41.	Графикалық суреттің мәнерлі тілі құралдары	2
42.	Аяқталған графикалық композиция орындау тәсілдері	2
43.	Шығармашылық қызмет тәжірибесі	2
44.	Композиция, сурет заңдылықтары	2
45.	Композицияның үш негізгі формасы	2
46.	Негізі-композициядағы негізгі элемент	2

47.	«Статика Динамика».	2
48.	Эскиздерді әзірлеген кезде рационалды техниканы таңдайды.	2
49.	Композицияның формалық нышаны.	2
50.	Композицияның түрлері	2
51.	Симметриялық; Ассиметриялық	2
52.	Нүктелік. Сызық-ленталы композиция.	2
53.	Форманың композицияда қиысуы.	2
54.	Жазықтық (фронтальдық) композициясы.	2
	Барлығы	108

«Кәсіптік практика» іс – тәжірибесінің мазмұны

2. Қарандаш, тушь, маркермен жұмыс істеу техникасы, пішінді зерттеу, әртүрлі қиын конструкциялы заттармен натюрморт. Кез-келген элемент негізгі мағанасында ғана берілмейді. Өзінің бүтін формасына да бағынады. Осыған байланысты форма үлкенді-кішілі бірлікке ие болады. Онда кездейсоқ элементтер және кездейсоқ байланыстар болмайды. Сондықтан бірлік пен тұтастылық композицияның негізгі заңы ретінде қарастырылады. Форманың құрылымдық бірлігінің бастамасы оның монолиттік , компоненттердің ішкі тепе-теңдігі болып табылады.

3.Қиын күрделі пішінді және фактуралы заттардан туратын натюрморт (тақырыптық қойылым). қарапайым геометриялық формалар –шар, куб, конус, цилиндр, т.б. өздерінің бастапқы бірлігін сақтайды. Алайда көркемдік тәжірибе соның ішінде сәулет шығармашылығының аясы үшін сыртқы геометриялық форма мен физикалық қасиеті бойынша түрлі компоненттердің композициялық бірлігіне жету тән.

4.Қиын күрделі пішінді және фактуралы заттардан тұратын натюрморт. Академиялық сурет.

Дизайн қоғамның бұқаралық қарым – қатынас құралы. Өйткені ол сауда өнімі арқылы өндіріс пен тұтынушыны байланыстырады, жалпы көпшіліктің тұтынушылық белсенділігін арттырып, сұраныс пен тұтынушы талабының өзара әсерін реттейді..

5. Түсті көлеңке көлемді беру шартында және жарық тақырыбында түсіну. Кез-келген элемент негізгі мағанасында ғана берілмейді. Өзінің бүтін формасына да бағынады. Осыған байланысты форма үлкенді-кішілі бірлікке ие болады. Онда кездейсоқ элементтер және кездейсоқ байланыстар болмайды. Сондықтан бірлік пен тұтастылық композицияның негізгі заңы ретінде қарастырылады. Форманың құрылымдық бірлігінің бастамасы оның монолиттік , компоненттердің ішкі тепе-теңдігі болып табылады. Мысалы, қарапайым геометриялық формалар –шар, куб, конус, цилиндр, т.б. өздерінің бастапқы бірлігін сақтайды.

6. Қиын күрделі пішінді және фактуралы заттардан тұратын натюрморт. Сызық-дақ сызық иелік етеді..

Ал, көркем шығармадағы сөз дегеніміз – автордың дара тілі, өзіндік стилі. Композицияның ішкі міндетіне көркем ой мен сезімнің үздіксіз қозғалысын реттеу жатады. Ол үшін композицияның әрбір бөлшегі бір- бірімен тығыз байланыста болуы шарт. Эпикалық шығармада жиі кездесетін композициялық бөлшектердің бірі – лирикалық шегініс. Лирикалық шегініс – эпикалық шығарма авторының ойы мен сезімінің шығармада тікелей көрінуі.

7.Сызық –дақ арқылы біртұтастыққа келтіруді үйрену.

Дизайн – көп өнім шығару мен қызмет көрсетуге қажетті сұраныс талабы жоғары қоғамның әлеуметтік мәдени реттегіші. Тауар сатып алған тұтынушы өз қажетін өтеу үшін ғана зат сатып алмайды, белгілі бір әлеуметтік мәртебеге ие болады. Дизайн заттың символикасы арқылы тауарға белгілі бір әлеуметтік – мәдени мағына береді, жаңа тауарды сатуға алғы шарт жасайды. Осылайша дизайн тұтынушы мен өнім өндірушіні байланыстыратын маркетингтің бір нысанына және жалпы қарым – қатынас құралына айналады.

8. Көркемдік әсемдеу жұмыстарын орындаған кезде шығармашылық ойды дамытады.

Әр сабақта оқушы қолөнер бұйымдар жасаумен қатар, ұлттық тәлім-тәрбиені бойына сіңіреді

9. Сызық – дақ арқылы біртұтастыққа келтіруді үйрену.

Костюм белгілі бір аймақ дәстүрлерін сипаттайды және тұрмыстық дәстүрмен тығыз байланысты. Өйткені қоршаған ортаға адам туралы ақпарат береді: оның әлеуметтік статусы туралы, саяси қызығушылықтары туралы, эстетикалық талғамы мен мәдениеті туралы

10. Карандашпен формаларын салу. Нақты бір адаммен немесе әлеуметтік топпен байланыса отырып, костюмде киім тәрізді қызмет атқарады: қорғаныс және пайдалы – практикалық. Костюмнің маңызды қызметі бұл белгілік

11. Гуаштың қолданылу мүмкіндіктері. Көркемділік құндылығы бар киім, сөзсіз, өнер туындысына айналады. Дегенмен, дизайн мен өнердің арасында айырмашылық бар: қолданбалы өнерде бұйымның көркем, әрлі нұсқасы дайындалса, дизайн – қоғам мен адамның нақты қажетілігіне сәйкес жаңа міндеттерді шешуге бағытталады

12. Заттардың көлемін шығару.

Адамның қоршаған әлемге бейімделуіне көмектеседі. Киімнің кез-келген пәні – бұл бір немесе бірнеше қызмет атқаратын және қолданылатын зат. Сондай-ақ киім эстетикалық қызмет атқарады. Ол адамды әдемілейді. Кез-келген зат тәрізді киімде қажеттілік болып табылады. Киімді кию – бұл белгілі бір өнімді пайдалану үрдісі. Киім нақты бір адамның сұранысы бойынша жеке тапсырыс арқылы шығарылуы мүмкін немесе жаппай өнеркәсіптік өндіріс өнімі болуы мүмкін, яғни бір үлгі жүздеген мыңдаған, тіпті миллиондаған үлгіде шығып, өз «иесін» сату нәтижесінде табуы мүмкін.

13 Ағаштардың бұтақтары мен сабақтарының этюдi.

Әр түрлі материалдан жасалатын көркем бұйымдар мен заттардың жобасын ең алдымен дизайншылар жасайды. Дизайн дегеніміз – адамға қажетті заттар мен бұйымдарды ыңғайлы, үйлесімді және әдемі етіп жобалау, жасау.

14 Заттардың көлемін шығару.

Кескіндемемен натюрморт салу жолдары. Кескіндемеде біз өзімізге таныс акварель бояуын пайдаланғанды жөн көрдік бізге берілген үш нәрседен құралған натюрморт суреті алған құрлысын композицияны орналастырып аламыз онсын керек емес сызықтарды өшіріп аламыз, екінші кезеңде біз орналастырып болған соң акварель бояуды жұқалап жағым аламыз, бізге берілген алма да фонымыз да қызыл болғандықтан екіуін де өзығылт бояуды жағып шығамыз.

15 Әртүрлі жағдайдағы қарапайым заттар суретін салу.

Бірінші сызық бастың жоғарғы нүктесінен иекке дейін, екіншісі - иектен бастап төс сүйектің ұшына дейін, үшіншісі - төс сүйектің ұшынан кіндікке дейін, төртіншісі - кіндіктен шаптың сызығына дейін және бесінші бөлігі - жамбас сүйек пен аяқтың басымен қоса есептегенде төрт бастың биіктігіндей болуға тиіс.

Натюрморттағы заттардың құрылымын салып, олардың өлшемдерінің қарым қатынастарын көрсете отырып, сызықтық және кеңістік перспективасының заңдылықтарын ескеру. Натюрморттағы заттарды реңк жағынан егежей тегежей жазу. Жұмысты біртұтастық үйлесімділікке ұластыру.

16. Геометриялық денелер суреті

кезеңде түстерді нақты бояп көлеңкесін түсуші көлеңкелерін түсіру арқылы затымыз фоннан шығып тұрады.

17.Қарапайым натюрморт еркін ауада далада салу. Оқу натюрморт суретін салу
Қарапайым натюрморт екі, үш заттан аспайтын, күнделікті тұрмыста қолданылатын қарапайым заттардан, бұйымдардан тұрады.

18.Карандашпен формаларын салу.

Кеңістік перспективаларының заңдылықтары мен өлшемдік қарым қатынастарын ескере отырып адамның жартылай дене бітімінің құрылымын, қозғалыс пластикасы мен өзіне тән ерекшеліктерін бейнелеу. Адам бетінің ұқсастығына бет бөлшектері мен қолдарына егежей, тегежей қарау. Жұмысты бейнелі біртұтастыққа ұластыру.

19.Көркемдік-әсемдеу жұмыстарында композицияның негізгі құралдарын қолданады.

Сурет салуды меңгеруді тірі модельден емес, «өлі», қозғалмайтын модельден – натюрморттан (француздың *natura - morte* өлі табиғат, *натура* деген сөзінен шыққан) бастаған жақсы.

20.Түр- түске байланысты көру арқылы елестету

жұмыс істеу үстінде оқушылар заттардың формасын құруға, оның конструкциясын талдауға, олардың өзгеше ерекшеліктерін де, олардың арасындағы өзара байланысты да табуға үйренеді.

21.Түр - түске байланысты көру елестері

Кәсіби суретшілер қатпарларды киімдерді тек нақ нұсқаға қарап емес, ойдан да сала беретіндей хәлге жетеді. Алғашқы кезде қатпарларды салу қимыл мен қозғалыстың күрделігіне жылдамдығына болып салынады. Көлемдік формалардың ерекшеліктерін бере отырып, қаңқаның пластикалық құрылымын және өзара байланыс шектерін конструктивті түрде модельдеу.

22.Қабылдау елестері

Натюрморт суретін салған кезде бәрінен де одан шамамен екі метрдей қашықтықта орналасқан жақсы. Бұл, бір жағынан, оны бір қарағанда қамтып қалуға мүмкіндік береді, екінші жағынан – бұл қашықтық жалпы форманы қабылдауды тек қиындататын елеусіз ұсақ детальдарды жасырып, жұмсартыады. Оның үстіне, бас пластикалық жағынан алғанда әсерлі көрінетін көру нүктесін таңдап алған дұрыс.

23.Түр - түстердің бір - біріне ауысуы

Түстану – түс туралы ілім жүйесі. Түстер хроматикалық және ахроматикалық болып бөлінеді. Хроматикалық түстерге түрлі-түсті түстер жүйесі кіреді. Ахроматикалық түстерге ақ және қара түстер жатады. Барлық хроматикалық түс үш параметрмен ашықтылықпен, түстік өңмен және қанықтылықпен сипатталады.

24.Хроматикалық бояу қанықтығы

Сондай-ақ киім дизайнерлері арасындағы өз шығармашылық концепциясын теория және манифест түрінде көрсету дәстүрге айналмаған. Киім дизайнері модельер киімін де өз ойын жүзеге асырады, ал өзінің шығармашылық концепциясын сәндік көрсетілім негізінде жүзеге асырады. Бұл киімдер коллекциясының мерзімді көрсетілуінің жиі болуымен байланысты. 10 Өндірістік және жоғарғы сән ұйымдастырушыларының әрекеті архитекторлық және дизайнерлік шығармашылық сияқты жобалау мәдениетінің дамуының жалпы концепциясын құрады

25.Ахроматикалық бояу қанықтылығы

Хроматикалық түстерді шартты түрде жылы түсер және суық түстер деп бөлінеді. Жылы түске түс спектрінің сары-қызыл бөлігі, ал суық түске көгілдір бөлігі жатады, жылы түстерді күн мен оттың түсімен, суық түстерді аспан, су мен мұздың түсімен сиппатауға болады

26.Ашық түсті бояу қанықтығы

Психолог ғалымдар түстің адамға әр түрлі әсер туралы бірқатар зерттеулер жүргізгендігі белгілі. Мысалы қызыл түске көп қарау, немесе қызыл түске боялған бөлме ішінде ұзақ отыру адамның жүйкесіне тиіп, оны әлсірететіндігі анықталған

27. Жиіктік бояу қанықтығы

Үйлесімнің түс-өңдік шешімі, ұстанған колоритте салу жағдайында түстік өң беруді сақтау. Сулы бояудың кескіндеменің техникалық тәсілін жетілдіру.

Форматты үйлестіру, натураға тән сипатты анықтау, портреттеуші мен бейненің ұқсастығы, қойылымның түс - түстік көлеңкесін талдау жарық пен көлеңке бөліктеріне ерекше көңіл бөлу

28. Ішкі бояу қанықтығы Түстерді тану барысында олардың символдық түрде берілуі ерекше назар аударатын құбылыс. Жасыл көк түс жастық шақты білдірсе, аспан көк түс бостандықты, еркіндікті, білдіреді, ақ түс тазалықты, қара түс жамандықты, қызыл түс белгілі бір өзгерісті білдіреді.

29. Жүйелі бояу қанықтығы

Түстану ілімінде колорит деген ұғым кездеседі. Колоритті біз кескіндеме шығармаларындағы түстердің үндестігі мен бірлігі деп танымыз. Картинадағы түстер кейде жылы түстердің құрылымына кейде суық түстердің құрылымына бірігеді.

30 Жазықтық пішін (текстура, фактура, бедер) пластикасын анықтау амалдары мен декорациялық –көркем ерекшеліктері

Картиналардағы түстердің өзгеруі мен бейнелеуінің бір ерекшелігі шығарманың идеясына байланысты болып келеді. Суретші Салихаддин Айтбаевтың «Бақыт» атты картинасында көктемгі далада отырған қыз бен жігіт көрінісі бейнеленген. Жастардың үстіндегі киімдері түрлі түсті бояулармен берілген, ал дала, алыстағы тау, жасыл көк түстермен жазылған. Картина композициясында аспанға қарағанда жердің көрінісі толық картина жазықтығын жауып жатыр. Шығармадағы түрлі түстердің арасында жасыл көк түстердің басым берілуі арқылы суретші адам өмірінің жастық кезеңін жасыл реңдермен беру арқылы жастықтың өзіндік ерекшелігіне көңіл аударады. Яғни жасыл түсті жастықтың түсі ретінде символдық түрде береді.

31 Көлемді пішіннің иілімділік сипаты, белгілері мен түрлері

Заттың бетіндегі түстер кейбір жағдайда өз түсінен өзгеріп, басқаша түспен көрінуі ықтимал. Мысалы, бір түйір қара көмірдің бір жақ бетіне күннің көзі немесе жасанды жарық тікелей түскенде, ол жері эптак дақ түрінде қабылдануы мүмкін. Мұны көру кезінде болатын жаңырысу деп танымыз.

32 Көлемді пішіндердің ерекшеліктері (геометриялық түрі, мөлшері, салмағы, кеністіктегі орналасуы.) түстанудың негізгі мазмұнын құрайтын материалдарын сурет, кескіндеме, композиция пәндерін оқыту бағдарламаларын қосымша ретінде қосылды

33 Құрылымдық құрылымы, көлемді пішінді анықтау құралдары. Бөлшектеу түрлері

Түстер хроматикалық және ахроматикалық болып бөлінеді. Хроматикалық түстерге түрлі-түсті түстер жүйесі кіреді. Ахроматикалық түстерге ақ және қара түстер жатады. Барлық хроматикалық түс үш параметрмен ашықтылықпен, түстік өңмен және қанықтылықпен сипатталады. Ахроматикалық түстер бір-бірінен тек бір белгісі бойынша – ашық (ашық сұрғылт немесе қара сұрғылт) бойынша ерекшеленеді. Түстік өң бұл «қызыл», «сары» және т.б. сөздермен анықталады. Мысалы қызыл, таза қызыл немесе сұрғылт қызыл. Бұл қызылға қосылған сұрғылт қоспа түстің өңін өзгертпейді қызыл түс қызыл болып қалады. Ахроматикалық қоспадан, хроматикалық түстің қанықтығы азаяды. Мұндай қоспада ахроматикалық түс неғұрлым аз болған сайын, оның қанықтығы арта түседі.

34. Композиция элементтері. Графиканың композициялық ерекшеліктері мен көркем мүмкіндіктері. Түстанудан теориялық материалдар өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру барысында қолдану нұсқаулары жасалады.

35. Жазықтықта мағыналық ақпараттарды графикалық құралдары : нүкте, сызық, дақ, өң, түс, бояу.

Қазақстанның әртүрлі аудандарының табиғи ауа райына байланысты олардың киімдерінде, тұрмыстық заттарда белгілі бір түстерге ерекше басымдылық берілген. Мәселен, оңтүстікте қызыл түс басым болған, ол ыстық күн білдіреді.

36.Сызықтық – пластикалық пішіндер. Композиция түрлері

Қоршаған орта дизайны - қала көшелерінің, парктердің, алаңдардың көркемді безендірілуі. Бұл жерде ең негізгі сәулеттік объективтің ландшафты және жарықтың сыртқы жарнамаларының бір-біріне сәйкес келуі. Қоршаған ортаның дизайны көшелер және алаңдарды мерекелік шараларға дайындау. Флорист дизайны - гүл шоқтарын, кептірілген гүлдерді, жасанды гүлдерді безендіреді. Жаңа стильдерді, жаңа модельдерді шығарады. Түс үйлесімдігін табады, жаңа материалдарды, жаңа безендіру элементтерін қолданып сән үлгілерін шығарады

37.Сызықтық – пластикалық пішіндердің белгілері мен композициялық сипаты.

Натюрмортты ол тұруға шаршап, кетіп қалады, тұрған қалпын өзгертеді деп қорықпай - ақ, оны түрлі нүктелерден мұқият зерттей отырып, қалағанынша ұзақ салуға болады. Онымен жұмыс істеу үстінде оқушылар заттардың формасын құруға, оның конструкциясын талдауға, олардың өзгеше ерекшеліктерін де, олардың арасындағы өзара байланысты да табуға үйренеді.

38.Көркемдік-әсемдеу жұмыстарында композицияның заңдылықтарын қолданады.

Ұйымдастыру жұмыстары, техникалық мәліметтер, балаларға үйірменің мақсатының маңызын түсіндіру. Техникалық қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Қағаздың маңыздылығы, қасиеттері, ерекшеліктері, қолданылуы, түс үйлесімділігі, желімнің түрлері, қажетті материалдар әзірлеу, эскиздер жасау.

39.Композицияның әдіс-тәсілдерін тереңірек меңгеру

Киім - адамның денесіне киюге арналған бұйым, жағанды жамылғы түрлері. қоғам дамуы барысындағы материалдық, рухани, әлеуметтік талаптарға сай киім жиі өзгеріске ұшырап отырады. Киім адамның дүние-танымдық, эстетикалық талғамдарына жауап беру арқылы даралық айқындау қызметін атқарады, тұлғаның әлеуметтік жағдайын танытады. Осы сияқты киімнің әр бөлігінің өзіндік қызметі бар. Киім адам денесін қоршаған ортаның қолайсыз әсерлерінен сақтау қажеттілігінен пайда болған. Киім тігу-ге мал, аң терілері, өсімдік, ағаш, балық, құс өнімдері, жасанды материалдар пайдаланылған. Адамдар алғаш аң терісінен жасалған киімдерді пайдаланған, неолит дәуірінде шөп орамынан тоқылған белдемшелер киетін болған. Тоқымашылық кәсібін игеннен соң адамдар иықтан, мықыннан киілетін жапқыштар қолданған. Одан кейін тігіссіз киім пішіндері дамыған. Мысалы, үнділіктер - сари, шалма, кавказдықтар - бурка, римдіктер - тога және т.б.

40.Шығармашылық үдеріс және кезеңдерді

Сурет салуды бастай отырып, алдарында жатқан жазық қағаз емес, бейне бір терезе, оның арғы жағынан натюрмортты, оның көлемдерін және олар орналасқан кеңістікті көріп тұрмыз деп елестету керек.

41.Графикалық суреттің мәнерлі тілі құралдары

Сурет салуды бастай отырып, алдарында жатқан жазық қағаз емес, бейне бір терезе, оның арғы жағынан адам басының, оның көлемдерін және олар орналасқан кеңістікті көріп тұрмыз деп елестету керек.

42.Аяқталған графикалық композиция орындау тәсілдері

Дизайн іс-тәжірибе мен көркемдеу әдістерінің жиын-тығы негізінде материалдық және рухани құндылықтар жасау саласына жатады.

Қазіргі заманғы дизайн - адамның суретшілік іскерлігінің, әрі теориялық ойлау қабілетінің негізінде қалыптасқан сала. Сұлулық және функционалдық заңдылық нәтижесінде жасалынған бұйым дизайн туындысы болып табылады. қазіргі дизайн заттық бұйымдарды сәндеудің барлық талабына жауап бере алады, сондықтан костюм жобалауына да тікелей қатысы бар.

43.Шығармашылық қызмет тәжірибесіз заттық текстурасын, бөлшектерін, домалақтығын, құрылысын сезінуге көмектеседі, түс реңіне байланысты жақын арада орналасқан заттар жалпағырақ болып, алыстағылар бұлдырап көрінеді;

44.Композиция, сурет заңдылықтары. Таныс бейнелердің нақты көлемдерін білу арқылы кеңістіктегі позициясын тиімді орнатуға болады.

45.Композицияның үш негізгі формасы

Көркемділік құндылығы бар костюм, сөзсіз, өнер туындысына айналады. Дегенмен, дизайн мен өнердің ара-сында айырмашылық бар: қолданбалы өнерде бұйымның көркем, әрлі нұсқасы дайындалса, дизайн - қоғам мен адамның нақты қажеттілігіне сәйкес жаңа міндеттерді шешуге бағытталады. Дизайнер құрастырушымен бірге немесе жалғыз өзі жаңа заттың құрылыс жобасын жасаса, ал қолөнер-суретші өзінің шығармашылық мақсаттарын, бұйымның функционалды-техникалық пішінін инженердің құрастыруынан соң ғана жүзеге асырады.

46.Негізі-композициядағы негізгі элемент. Бірлік пен тұтастылық – композиция негізі. Композицияның тұтастылығы- оның негізгі белгісі. Композициялық қызмет бірлік пен тұтастыққа жетудің мақсаты мен бағытына негізделеді.

47.«Статика Динамика». Композиция ұғымы өнердің барлық түрлеріне қатысты қолданылатын бейнелеу мүмкіндігі ретінде танылады. Бұл бейнелеу өнерінің кескіндеме, графика, мүсін, сәндік қолданбалы өнер, дизайн түрлерінің барлығымен байланысы бар ұғым.

48.Эскиздерді әзірлеген кезде рационалды техниканы таңдайды.

Киім композициясының негізін бөліктерінің көлемі, арақатыстығы, киімнің жалпы пропорциясы және силуэті құрайды. Киімде әр пішіннің пропорциялық дене бітіммен арақатынастары маңызды рөл атқарады. Олар пішінге, яғни силуэтке белгілі сипат береді. Мысалы, киімде тік пішіндер сымбаттылық пен жеңілдікті көрсетсе, көлденең сызықтар дене бітімді аласа, ауырлау ете түседі.

Киім бөліктерін пішінге келтіру процесі құрастыру арқылы іске асырылады. Пішін күрделі болған сайын, құрылымды сызықтар да әрқилы болады.

49.Композицияның формалық нышаны. Композиция шығарманы біртұтас дүниеге айналдыруға ықпал етеді. Композиция пішіндік бөлшектерді тұтастырып, идеяға бағындырады. Композиция қағидалары – эстетикалық таным: қорытындысы, олар ақиқаттың тереңде жатқан өзара, байланысын танытады.

50.Композицияның түрлері. Композиция – латынша «құрастыра, қиыстыру» деген мағына береді. Бұл көркем шығарманың құрылысы. Композиция тек формаға ғана байланысты ұғым емес, мазмұнмен де тікелей байланысты. Сонымен қатар көркемдік түрлердің орналасуы және ара қатынасы, яғни шығарманың мазмұны мен жанрынан өрбитін туынды құрылысы.

51.Симметриялық; Ассиметриялық

Киім композициясының да өз заңы мен ережелері бар, ол кез келген костюм түрінде орындалуы тиіс:

- 1) келісімділік – композиция компоненттері мен композициялық құралдардың киім мақсатына бағынылуы;
- 2) композицияның барлық бөліктері мен компоненттерінің өзара және адам дене

бітімімен өлшем пропорциялылығы;

3) композициялық орталығының болуы;

4) композиция тұтастығы (қатар бағыну)

Симметрия – анық және көрнекті композиция қасиетін, пішін жағдайын белгілейді.

Осы тәсіл көмегімен пішін ұымдастырылады, бұл белсенді композиция заңдылығы саналады. Фигураның ұқсас элементтері симметриялы орналасады. Осының немесе жазықтың бір нүктесіне қатысты бірдей орналасқан орталық ось немесе жазық симметриясы деп аталады. Фасонды симметриялы құру кезінде үлгінің оң жағы сол жағындағы барлық элементтерді қайталайды, яғни пішінді, конструкцияны, сызықтарды, түр – түсті, бөлшектерді қайталайды.

«**Асимметрия**» түсінігі симметрияның осі немесе жазықтың симметриясы жоқ кезіндегі элементтердің орналасуын білдіреді. Асимметрия динамикаға әр түрлі деңгейдегі пішінді береді, ол ішкі және сыртқы болуы мүмкін.

Симметрия бірқалыптылықты, заңдылықты білдірсе, ал асимметрия қимылды, кездейсоқтықты, еркіндікті білдіреді. Силуэттің симметриялық пішініне асимметриямен

қосылса, ерекше пішін пайда болады. Симметриямен асимметрия үндестігі интуицияның, композициялық бүтіндіктің және композициялық тепе – теңдіктің сақталуын қажеттеді. Симметрия және статика, асимметрия және динамика түсініктері бір – бірімен байланысты.

52.Нүктелік. Сызық-ленталы композиция. Жаңа заман критерийлері ахроматикалық түстер қолданылатын сәулетпен қатар, ашық бояуларды да қолдануды талап етеді. Мәселен, сауда және мәдени орталықтар, балабақшалар, бастауыш және орта оқу орындары алуан түрлі бояулармен бояла бастаған.

53.Форманың композицияда қиысуы. 1. Материал жинау, 2. Жинақталған материалды қорыту, 3. Қорытылған материалды жазу кезеңі бар десек, тақырып осынау 3 кезеңнің өн бойында тұтас желі тартып жатады. Әдеби проблемалардың авторлық шешімдерді өзара ұштаса келіп, туындыдағы көркем идеяларды құрайды

54.Жазықтық (фронтальдық) композициясы.

Костюмнің түрлі-түсті коллекциясының гармониясы көп жағдайда адам бейнесімен қаншалықты үйлесетіндігімен, оның жеке-даралық ерекшелігімен айқындалады. Костюм адамның түр-түсімен үйлестіріле киіледі.

Түс костюмнің барлық көлемдік-кеңістіктік құрылымымен байланысты болуы тиіс және бүкіл композицияның логикалық толықтауыш қызметін атқарады. Бұл жағдайда түсті костюм композициясының жоғарғы немесе төменгі бөліктерінің ауырлауының құралы ретінде қолдануға болады. Түс көмегімен пішіннің жеке бөліктерін байланыстыруға, сәтсіз композицияны жөндеуге болады.

Тепе-теңдік тегістік заңы көмегімен жүзеге асады: үлкен тегістік қарапайым түспен, ал үлкен емес тегістік қарама-қарсы түспен толықтырылады. Түс ренкінің

Студентке берілген тапсырмалар:

1. бейнелеу өнері бойынша туралы мәлімет жинақтау. (Натюрморт, пейзаж және жанрлар жөнінде) Баяндама 2-3 дана
2. «Оқу үйрену » іс-тәжірибесі жөнінде есеп жазу
3. Шығармашылық жұмыстар (табиғат көрінісі, натюрморт бұйымдарын)
Сурет салу техникасы: акварел, гуашь, қарындаш
2 сурет бояуда, 2-сурет штрихта.
4. Фото (2-3 дана)

Әдебиеттер тізімі

Негізгілері:

1. Шорохов Е.В. Основы композиции- М., «Просвещение» 1979 г
2. Паранюшкин Р.В. «Композиция» 2002г.
3. Яблонский «Преподавание предметов «Рисунок» и «Основы композиции» 1989г.
4. Котляров А.С. «Композиционная структура изображения» 2008г.
5. Давлетова Б.Г. «Краткий курс «Основы композиции костюма» 2002г.
6. Логвиненко Г.М. «Декоративная композиция» 2010г.
7. Курушин В.Д. «Графический дизайн и реклама. 2001г.
8. Гусейнов М.Г. « Композиция костюма» 2004г.
9. Бердник Т.О. « Дизайн костюма» 2000г.
10. Утегенов И.У. «Дизайн одежды»